



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ПЕН ОНОРЕ ДЕ БАЛЬЗАК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК КӨЗҚАРАС САБАҚТАСТЫҒЫ

Бабашова Динара Мейрамбекқызы

dinka_91_16@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
қазақ әдебиеті мамандығының 1 курс магистранты, Астана Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. Ә. Үсен

Біршама ұзақ тарихи тәжірибе жинақтағанымен, адамзаттың өзінің бүкіл әлеуметтік қарама-қайшылықтарын шешуге қол жеткізе алмағандығы байқалады. Аналитиктер қоғамда әлеуметтік қатынастарды құрастырудың жаңа принциптерін әзірлеу, саяси ойлаудың ауқымды өзгеруі қажет деп атап көрсетті. Әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылық күрделі сипатқа ие.

Қоғамда әйелдер мен ерлердің мәртебесі үнемі өзгеріп тұрады және бұл үрдіс сақталып қалады. Теңсіздік теориясын зерттемес бұрын «гендер» ұғымына тоқталу қажет.

Гендерлік теңсіздік - әйелдер мен еркектер арасындағы әлеуметтік жағдайларға байланысты теңсіздік. Мысалы: әйелдер мен ерлер арасындағы еңбектің бөлінуіне, әлеуметтік функцияларға және мәдени стереотиптерге байланысты.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде өркен жайып, халықтың тағдырын, елде болып жатқан әділетсіздікті, әйел құқығын жерге таптауды арқау еткен көркем әдеби шығармалар толастамай жазылып жатты. Әр түрлі жанрдағы негізгі тақырып - әйел теңсіздігі. Әйелдер тағдыры жазушы Мұхтар Әуезовтың да қаламынан кенде қалған емес. Оның алғашқы тырнақ алды мақаласы да дәл осы тақырыптың өзегі «Адамдық негізі – әйел». 1917 жылғы шілденің 21-28 жұлдызы аралығында Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық құрылтайға өкіл болып, қатысқан Тұрағұл Ибраев «Алаш» партиясының бағдарламасымен толықтай таныс еді. Қазақтық І құрылтайдың шешімі бойынша әйел құқығы туралы мәселені мұсылмандық жолмен және қазақ дәстүрімен үйлестіре отырып реттеуді кейінге қалдырған болатын. (Н. Мартыненко, Алашорда. Екінші басылым; Айқап, 1992. 60 б.) Осыған орай сол кездегі қазақ баспасөздерінде әйелдің халі мен есе теңдігі, құқығы хақында пәкәр алысулар ұйымдастырылған. Тұрағұл да өзінің пікірін семинарияда оқитын шәкірті Мұхтар Әуезовпен бөліскен. Соның негізінде мақала жарыққа шыққан.

Мақаладағы негізгі ой арнасы Абайдың «Қара сөздеріндегі» философиялық пайымдаулары мен әлеуметтік пікірлеріне өзек алған. Сондай-ақ, Абай ұстанған әйел теңдігі мен әйелдің бас еркіндігі туралы өмірлік қағидалары басты талдау нысанасына айналған. Мақала иелері қазақ қоғамындағы әйелдің орны туралы ой қозғап, адамзаттың даму тарихындағы әйел затының тағдыр-талайына шолу жасай келіп: «... әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні құліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қаламын демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» - деген тұжырым жасайды.

Әйел бейнесі қай халықтың әдебиетінде болмасын өзекті, өз заманының келелі мәселесін көтерген негізгі тақырып болды. Әдебиеттану ғылымында әйел бейнесін зерттеу мәселесі ешқашан назардан тыс қалған емес. Әлем және орыс әдебиетінің де танымал өкілдерінің әйел бейнесі туралы жазылған шығармалары мен олардың әйел-Ана бейнесін сомдауда қалыптастырған дәстүрлері туралы ғылыми ой-тұжырымдары жүйеленді. Сан ғасырлық әдебиетімізде әйел-Ананың жан дүниесі, сырлы әлемі, нәзіктігі, сұлулығы, даналығы, ерлігі адамгершілік сапалары ерекше тақырып ретінде қалыптасты. Қаламның «Напалеоны» болам деп жүзге тарта роман жазған француз жазушысы Оноре де Бальзак буржуазиялық қоғамдағы ардың да, ұяттың да, керек десеңіз махаббат пен адамгершіліктің де долларға, байлыққа сатылып, адамның азып тұрған дәуіріндегі әйелдер бейнесіне ерекше көңіл бөлді. Оның «Горио әкей» романындағы барлық тіршілігін, өмірін, екі қызына арнап

соңында сорлы өмір кешкен Горионың қайғы- мұңы қыздары арқылы суреттеледі.

Әуезов және Бальзак шығармаларында талайды табындырған, шиеленіске толы прозалық шығармаларындағы негізі тақырыптардың бірі - әйел бейнесі. Қаламгерлер әйел тағдырын өз басынан кешіргендей жанымен түсініп, кең жүрегімен толғана отырып жазады. Екі жазушының шығармаларын оқи отырып әйел-Ана бейнесін екі топқа жіктеуге болады: бірі – жер бетіндегі бар тіршіліктің бастау көзі, қамқоршысы мен ұйытқысы, киелі аналарды жазушылардың «Жергілікті дәрігер», «Беатриса», «Абай жолы», «Қыр әңгімелері» сынды шығармаларынан кездестірсек, екіншісі - жер бетіндегі тазалықтың, сұлулықтың, махаббатқа адалдықтың символы әйел – Ана арулар бейнесімен «Памэло Жиро», «Отыздардағы әйел», «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу» және т.б. көркем прозаларынан кездестіреміз.

Бальзак шығармашылығындағы әйелдер бейнесін анық көрсеткен, сол француз қоғамындағы «Горио атай» романына тоқталар болсақ, романда Горио - екі қызының жолында бар өмірін сарп етіп, ақыры аяғы ит өлімге ұшыраған 69 жастағы сорлы шал. Сонау бір зіңгіттей шағында Горио макарон сатып байыған пысық болған. Сүйікті әйелінен ерте айырылады. Отбасында қалғаны - Анастази мен Дельфина атты екі қызы. Горио қос көбелегін мәпелеп еркелетіп өсіреді. Бар арманы - сол екеуін қатарынан кем қылмай, қайғы-мұңсыз бойжеткізіп, үлде - бүлде жасауымен ұзатып, қоғамда өз орны бар, беделді де дәулетті адамдармен тұрмыс құрса, сөйтіп бай-бақуатты өмір сүрсе. Жиған-терген бар дүние-мүккәмал солардың жолында. Өз басы аш-жалаңаш жүруге бар. Әкесі армандағандай- ақ қыздарының үлкені - графқа, кішісі - баронға күйеуге шығады. Өмірі жіп сабақтап көрмеген қос қызы бақуатты қосақтарын тапса да әкесінің дәулетінен қол үзген жоқ, керсінше аямай шашты; ақсүйек атпалдардың ортасында дулы дәурен, сауық - сайран салды. Дәрежелі күй біткен қыз- күйеулері енді әкелерінің ұн саудагері болғанына намыстанатынды шығарды. Күйеу балалары қайынатасының пошымынан қой үріккендей шошитын болды. Горио мұны сезді де, қинала- қинала кәсібін тастап, жарлы - жақыбайлар мекендейтін пансионға көшеді. Бұдан соң қыздары әкесін қомсынып жұрт көзінше жолығудан қысылып, оқта - текте ғана жасырын, үйлерінің артқы есігінен кіріп-шығып кездесетін халге жетті. Байғұс қартқа қыздарын көру бір мұң, талай рет көшеде тұрып, алыстан болса да бір көріп қалғысы кеп сарыла күткен күндері қаншама. Ал оларға әкесінен бұрын оның ақшасы қымбат. Себебі күйеулері кейде ақшадан қаққанда әкесіне тұра жүгеретін еді. Әкесінің ақшасына қызы Анастази өзінің көңілдесін асырауға мәжбүр, Нусинген әккі барон, бай, бірақ сараң. Екеуі де Горионы ақыры «... жеміс шырынын сорып болған соң көшеге лақтыра салды». Қарт қыздарынан әкелік шексіз махаббаты үшін мысқалдай болса да қайырымдылық, мейірім күтті. Бірақ олар тасжүрек болып шықты. Горио зар илеп көз жұмды. Ақыр аяғында, қыздары бір уыс топырақ салуға да жарамады. Жазушы шығармаға арқау етіп алған екі қыздың әкелеріне опасыздық, әділетсіздік, аяушылық қасиеттен жұрдай екенін ашық көрсетіп отыр. Өмір шындығын аса анық жаза отырып, жазушының өзі өмір сүрген қоғамнан қаймықпай ойын ашық түрде жеткізуі осы көлемді шығармасынан байқауға болады.

Мұхтар Әуезовтегі әйелдер әлемі дегенде тіл ұшында ең алдымен жүректе жатталып, көңілде хатталып қалған әдемі есімдер тізбегі орала кететені анық. Содан кейін лезде ұлы жазушы сомдағандай айдай ару, армандай асыл жар, аяулы ана бейнелері жадыңды қайта жаңғырып, жараса жымыңдаған жарық жұлдыздардай жайнап сала береді. Бірінен-бірі дара, бірінен-бірі дана бейнелердің ешқайсысы да ешуақытта бей-жай қалдыра алмайды. Бір сәт Еңліктің махаббаты мұңға ораса, Ғазизаның қызғалдақ ғұмыры өзегінді өртейді, Қаракөздің көз жасы күрсіндірсе, қаралы сұлудың сайқал сезіммен арпалысы селт еткізеді. Ал, Бальзак шығармаларындағы әйелдер әлеміне тереңдер болсақ әйел бақыты, әйел қасіреті, әйел тауқыметі дегендердің не екенінен жан дүниеңмен түсіне бастайсың. Оның «Отыздардағы әйел» романындағы Жюли есімді сұлудың махаббат жолындағы сәтсіздіктері, әйел бақытын толыққынды сезіне алмауы ескерілсе, «Беатриса» романы француз қоғамындағы әйел бейнесін суық қанды, өркөкіректі, өзімшіл жанның тағдыры ашық көрінеді. «Горио әкей» көркем шығармасындағы рақымсыз екі қыздың Анастази мен Дельфина келбеті айқын көрсетіліп, қыз әкеге жақын деген қағида қарама-қайшылық ұғымда қолданылады.

Жалпы қазақ және француз әдебиетінде екі қаламгердің шығармашылығында әйел кейіпкерлерге бай.

Академик Зейнолла Қабдоловтың сөзімен айтқанда: «Қазақтың сөз өнеріндегі «Әуезов әйелдері» деп атауға болатын айрықша әсем образдар галереясы ұлы эпопеяның жан тебіренертер ғажайып бейнелерімен толықты да молықты. Ондағы жасалған үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты жүзге тарта әйел образдарының өзі-ақ Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әйелдер әлемінің көкжиегі қаншалықты кең екенін таныта алады» деп баға береді.

Қаламгерлер шығармаларында терең психологизм, лиризм басым, адам жанының сан алуан құбылыстарын, нәзіктігін суреттеп, ішкі әлеміне терең үңіледі. Жазушылар қаламынан туған ірі шығармада халықтың тек өзіне ғана тән қасиеті, өмірлік ерекшеліктері, адамгершілік-рухани құндылықтары бой көрсетеді. Алып сөз зергерлері елінің тағдырына аянышпен қарап, жетістігіне қуанып, кемшілігіне қайғыра білетінін ұзақ шығармашылық жолдарында дәлелдеді.

Әуезовтің алғашқы шығармалары «Үйлену» (1923), «Сөніп-жану» (1923), «Ескілік көлеңкесінде» (1925) сынды әңгімелерінде адам өміріндегі аса жауапты да маңызды құбылыс – үйлену, шаңырақ құру мәселесін қозғайды және алған кейіпкерлерінің ішкі әсерлерін, көзқарастарын білдіреді. Қазақ ауылының ескі тіршілігі, оған ене бастаған өзгерістері, әйел басының еркі әлі де ескілік шырмауында екені өте қонымды берілген. «Ескілік көлеңкесінде» әңгімесінде ескіліктің бүкіл көрінісі жан-жақты және өте сенімді суреттелуінде. Қатал мінез Мәкен кемпірдің немересі Хадишаны еркінен тыс әрі бай, әрі болыс Кенжеханға тоқалдыққа беруі де осы ескі салттың кесірі. Алғашқы кезде Хадиша біраз толқыса да, ақыры іштен тынып, қатын үстіне кете барғаны. Сырт көзге оның өмірі сәнді, үлде мен бүлдеге бөленіп отырғандай көрінетін. Алайда Хадиша мұңға батқан жүрек сырын, жегідей жеген қапа-қасіретін ешкімге ақтарып ашпайды. Сөйтіп жүріп көп ұзамай дүние салады.

Француз жазушысы Бальзактың «Отыздардағы әйел» романының да басты идеясы осы әңгімемен сарындас. Алайда, бұл шығармадағы басты кейіпкер Жюли өзінің ұнатқан азаматына тұрмысқа шығады. Жас офицер Виктор Эглемон өзі ұнатып алған жарын бақытты етпейді. Уақыт өте келе, үлкен сарайда, жеткілікті жағдайда өмір сүріп жатқан Жюли өзінің отбасылық өмірде бақытсыз екенін ешкімге айта алмай уақыт өткізе береді. Виктордың опасыздығын көре тұра барлығына көз жұмып қарайды. Ақыр соңында Жюли мұндай бақытсыздыққа өзінің лайық емес екендігін түсініп, Виктордың жолдасы Артур Гренвиль екеуінің арасындағы көптен басталған махаббатқа жол ашады. Алайда Артур да көп ұзамай науқастан қайтыс болады. Өз бақыты үшін күресе білген Жюли мен қазақ әйелі Хадиша арасындағы айырмашылық жер мен көктей болса да, отбасылық жайғдайда басынан кешірген сәтсіздіктер, қасіреттер ортақтастығы байқалады.

Әуезовтың XX ғасыр басында жазылған әңгімелерінде қатар көрініс табу кездейсоқтық емес. Өзге қоғамдық-әлеуметтік шеңбер аясынан алынып, әңгімеге арқау болған фабула немесе лейтмотив, трагедиялық бояуға қанық тағдырлар тоғысы «Қаралы сұлу», «Қорғансыздың күні», «Жуандық», «Қайғылы жетім» әңгімелерінде шебер өрілсе, автобиографиялық оқиғаларға құрылған «Үйлену», «Кәнімшіл бойжеткен», «Сөніп-жану», сынды бірқатар әңгімелері де көркемдік шынайылық келбетін аша білген.

Бальзак XIX ғасырдағы француз өмірінен 50 томдық «Адамзатқа» романдар шоғырын тудырды. Адам мінездері, әлеуметтік әділетсіздік, отбасы жандарының жатсынуы, жас адамдардың жарыққа ұмтылған көбелектей көзсіз тәуекелшілдігі, азғын қоғам арбауына жұтылған адам тағдырлары арқау болған романдарына адамзат ұзақ жылдар бойы тамсана танырқап, қошемет айтқан

Француз жазушысы Оноре де Бальзак та өз шығармашылығында әйелдер бейнесін сомдай отырып, қоғамдағы гендерлік мәселені алға тартты.

Ең бастысы, қос қаламгер қай қоғамның да мәдениеті мен рухани өскенін, адамзат атаулының жан мен тән тәуелсіздігін танытатын ер мен әйел затының теңдік мәселесін тұңғыш рет дәріптеп, далалықтарға даналықтың дәнін себуге тырысты. Бүкіл дүние біткеннің бақыты мен бейбітшілігін бүтіндеуге, ел тұтастығын еншілер тіршілік тұтқасын

ұстар әйел-ана қадірін түсініп, оның өз құқығына ие табиғи тұлғасын қалыптастырды.

Отбасы мен Отанымыздың тіршілігі мен берекесін енгізіп, ұлт пен ұрпағымыздың тағдыры мен келешегіне екі бастан жауапты жандар – әйелдер мәселесі Әуезовтей әулиені әуелден ойландыратын-ды. «Адамдықтың негізі – әйел» деп түсінген Әуезов бүкіл адамзат атаулыға: «Адам болып қалғың келсе, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» деп ұран тастауы да тегін болмаса керек. Қазақ қоғамы әйел баласының ұлтымыз бен ұрпағымыздың саны мен сапасына жауаптылығын сезінген сәттен бастап өркениет өлкесіне қадам басатынын көрсетіп берді.

Оноре де Бальзак «Ұлт тағдыры – Аналардың қолында!» - десе, француз жазушысының ой-пікірін сабақтастырған заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов «Әйел-ана бір қолымен бала тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» - деп өзінің нақыл сөзімен келешек ұрпаққа өсиет қалдырған. «Ана жүрегі тым терең, сол тереңдіктен сіз кешірім таба аласыз». «Ана көрегендігінің теңдесі жоқ.» - деп ана жүрегінің тереңдігін, кешірімге толы адал жанның аяулы жүзін Бальзак өзінше сипаттаса, «Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен үркер күшім жоқ - деп ер қайратыңа мін дағы, өрге бас» – деген Әуезов көзқарасының алғашқы оймен сабақтастығы айқын көрінеді. Ана мейірімі, махаббатының кіршіксіз таза, күллі дүние сол жанның қолында екені даусыз. Қалам тербеген жазушылардың ана образына ерекше тоқталып, асыра баға беруіндегі байланыс өз халқының ертеңіне алаңдап, ұлт келешегі тек аналар қолында болатынын үлгі етіп алғанын айқындайды.

Әйел болмысы қос қаламгердің бар бояуымен қағаз бетіне көшкен дерсіз. Тіпті әйел жанының нәзік иірімдеріне шейін сырлы сөзбен кестелеп, мөлдіретіп беру кез-келген қалам иесінің қолынан келетін дүние емес. Күліп тұрып жылай салатын, жылап тұрып жадырай қалатын жұмбағы көп әйел табиғатын қаламға бағындыру Бальзак пен Әуезов сынды таланттардың ғана үлесі болса керек.

«Әдебиет - ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» - деп баға берген З.Қабдолов әдебиет жолындағы шындық тек ақиқатпен ғана негізделеді. Әдебиет ұлтқа, дінге, мәдениетке бөлінбейді. Француз әдебиетінің даңқты жазушысы Бальзак пен қазақтың заңғар жазушысы Әуезов шығармашылығындағы гендерлік көзқарас сабақтастығы әдебиет атты әлемде қатар тоғысуы кездейсоқтық емес екені анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы 1-том, Алматы «Ғылым» 1997 ж.
2. Мұхтар Әуезов монографиялық очерк, А. Нұрқатов 1-том, Алматы 2010 ж.
3. Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы 2-том, Алматы «Дәуір», «Жібек жолы» 2014 ж.
4. О. Бальзак «Шегірен былғары», «Аударма» баспасы, 2011 ж.
5. Д. Бальзак «Жергілікті дәрігер» әлем әдебиет кітапханасы «Аударма» баспасы, 2005 ж.

ӘОЖ 81`373.222

ӘКІМШІЛІК, ЕЛ БАСҚАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры бойынша)

Байбосын Әли

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,

ali_baibosin@mail.ru

Ғылыми жетекшісі –Кенжалин Қ.К.

Кіріспе

Сөздердің көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара-бара